



## ТЕХНОПАРКТИҢ ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ ҚАРАЛУДА

**10 ақпанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешевтің университет басшылығымен және жас ғалымдармен кездесуі өтті.**



Университет ректоры Ғалым Мұтанов министрді механика-математика факультетіндегі НР оқу орталығының, «Алгоритм» студенттік бизнес-инкубаторының, «әл-Фараби» ғылыми кітапханасының, өндірістік орталықтың, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының, технопарк жұмысымен кеңінен таныстырды. Технопаркте студенттер мен старт-ап компаниялар өз бизнес-жобалары туралы айтты. Студенттермен кездесу барысында министр еліміздегі жоғары оқу орындарының бірінде «Алатау» ақпараттық технологиялар паркінің үшінші кезеңін жүзеге асыру жайлы айтып өтті. Осы орайда ҚазҰУ-дың технологиялық әлеуетін байқап, инновациялық нысандарын аралаған Әсет Исекешов университет жұмысын жоғары бағалады. «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауда жаңа экономикаға көшу мәселесін көтерді. Алматы білім мен ғылым орталығы болып табылады және инновациялық жобалардың 500-ден астамы осында өндіріске еніп келеді. Бұл жерде инновациялық жобаларды іске асыруға үлкен мүмкіндік бар. Біз Елбасы айтқандай, білімге негізделген экономиканы дамытуды қарастырып, сапаға жұмыс істеуіміз керек», - деді министр.

Бүгінде технологияны коммерциялауға бағытталған, ғылымға негізделген экономиканы қалыптастырып дамыту үшін индустрия және жаңа технологиялар министрлігі тарапынан түрлі гранттар бөлініп отыр. Соның ішінде бизнес ашуға, идеяларды қолданысқа ендіруге және т.б. ғылыми жұмыстармен айналысуға ниет білдіргендерге қолдау көрсетіледі. Ал, болашақта ЖОО жанынан құрылатын кластер орталықтандырылып, барлық ЖОО студенттері мен жас ғалымдарына қолжетімді болуы қажет.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

## ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ ӘКЕЛМЕК

**Біз нәтижеге бағытталған басқаруды қолға алдық. Индикативті жоспарды басшылыққа ала отырып, – атқарылған жұмысты бағалау, есептеу мәдениетін игеріп келеміз. Нәтижені салыстырамыз, өзара бәсекелестікке түсеміз. Көзделетін басты мақсат – дамуға қол жеткізу, алға қадам басу. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлы кешегі ректорат отырысында оқытушы-профессорлар қауымына қарата осылай деді. Ол кафедралар мен факультеттерде рейтинг мәліметтерін жіті қарап, зерттеп-талқылауды тапсырды. Мәжілісте 2013-2014 оқу жылының I жартыжылдығындағы кафедралар мен факультеттер рейтингісі қаралды.**

Рейтингтің жоспарды жүйелі орындап, оза шапқандардың мерейін асырары, кейін қалғандарды да анықтап берері белгілі. Сондықтан кафедралар мен факультеттер индикативті жоспарға асқан жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ректор Ғалым Мұтанов жүйенің ұжым игілігі үшін іске қосылғанын үнемі тілге тиек етіп келеді. Кафедралар мен факультеттердің аталмыш жүйе бойынша жартыжылдық қорытындысын Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы таныстырды. Оның хабарламасында факультеттердің жиынтық балл бойынша рейтингісі, ОПК бірлігіне шаққандағы өнімділік бойынша рейтингісі,

Жалғасы 2-бетте



БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ  
БЕЙ-ЖАЙ  
ҚАЛМАЙДЫ



2-бет

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ  
ШЫНДАҒАН ҚЫСҚЫ  
МЕНТЕП



5-бет

ПРЕЗЕНТАЦИЯ  
КНИГИ



8-бет

ДОРОГОЙ ГОСПОДИН ГАЛЬЯНА МУТАНОВ



Мне бы хотелось выразить искреннюю благодарность за ваши поздравления в мой адрес по случаю переизбрания меня на второй срок в качестве Генерального директора.

Я глубоко ценю подобное проявление нескончаемой уверенности со стороны Вашего государства в моих стараниях по достижению, путем продолжающегося процесса реформации и постановки особого акцента на такие сферы, где ЮНЕСКО имеет особую ценность, идеалов и целей закрепленных в Конституции ЮНЕСКО. В быстроменяющемся мире я более чем уверена в необходимости работы ЮНЕСКО по объединению организаций для продолжительного благополучия и устойчивого развития. Взрачивая сотрудничество в образовании, науке, культуре, общении и информации никогда не было так важно для трансформации общества и планеты. Ваши добрые слова в мой адрес – источник

вдохновения, которые я буду хранить как ценность, продолжая свою работу в течение следующих 4 лет, чтобы реализовать наше общее видение о ЮНЕСКО – о человеческом достоинстве и лучшем будущем для всех женщин и мужчин.

Рада слышать, что у вас состоялся конструктивный диалог с образовательным Сектором во время вашего недавнего визита в штаб-квартиру ЮНЕСКО 6 декабря. Несколько я поняла, следующим шагом будет подача заявки от Вашего университета на открытие кафедры ЮНЕСКО. Естественно, Образовательный Сектор продолжит оказывать необходимую поддержку в данном процессе.

В заключении хотелось бы похвалить КазНУ имени аль-Фараби за предпринятые мероприятия в области образования по устойчивому развитию. Подобные инициативы очень вдохновляют, и ЮНЕСКО надеется на их увеличение в последующем.

С наилучшими пожеланиями в Новом году,  
с глубоким уважением,  
Генеральный Директор ЮНЕСКО Ирина Бокова

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ ӘКЕЛМЕК

ғылыми-инновациялық қызмет өнімділігі бойынша рейтингісі және кафедралардың факультет аясындағы жиынтық балл бойынша рейтингісі, ғылыми-инновациялық қызмет бойынша рейтингісі, өнімділік бойынша рейтингісі ұсынылды.

Бірінші проректор факультеттердің жиынтық балл бойынша рейтингінде химия және химиялық технология, механика-математика, физика-техникалық, биология және биотехнология, география және табиғатты пайдалану факультеттерінің үздік бестікті құрағанын жеткізді. Сонымен қатар ол аталмыш факультеттердің соңғы 3 жылдағы жиынтық балл бойынша аралық рейтингін салыстыра келе, өсудің байқалатынын айтып өтті. Факультеттердің ОПҚ бірлігіне шаққандағы өнімділік бойынша рейтингінде де химия және химиялық технология, механика-математика, физика-техникалық факультеттері көш бастап тұр. Ал ғылыми-инновациялық қызмет өнімділігі бойынша рейтингіде химия және химиялық технология, физика-техникалық, механика-математика факультеттері тағы да алғашқы орындарды өзара бөлісті.

Кафедралардың факультет аясындағы рейтингісіне кеңінен тоқтала отырып Мұхамбетқали Мырзабайұлы келесі кезекте кафедралардың университет деңгейіндегі рейтингісіне назар аударды. Жалпы өнімділік бойынша математикалық және компьютерлік пәндер; биофизика және биомедицина; информатика; ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс; химиялық физика және материалтану кафедралары алға шыққан. Ал ғылыми өнімділік бойынша математикалық және компьютерлік пәндер; информатика; химиялық физика және материалтану; биофизика және биомедицина; мемлекет пен құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедралары үздіктер қатарында.

2013-2014 оқу жылының I жартыжылдығындағы кафедралар мен факультеттер рейтингін талқылау алаңы енді факультеттер мен кафедраларға көшпек. Кафедра меңгерушілері, декандар мен департаменттерге индикативті жоспардың жүзеге асу барысын ай сайын қадағалап отыру жүктелді. Ұжым жұмысы кәсіби біліктілікті арттыру, қызметті жан-жақты жетілдіруге бағытталмақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛМАЙДЫ

*Қазақстандағы барлық халықты қамтыған "Нұр Отан" партиясының "Жас Отан" жастар қанаты көпшілік арасында қолдау тауып, үлкен істер атқаруда. Жастар арасында Елбасы Жолдауының қаншалықты қолдау тапқаны, еліміздің саясаты туралы жастардың көзқарасы, алдыңғы қатарлы озық елдердің қатарына қосылуына үлес қосатын қажетті, ұтымды ойлар, қазіргі таңда қоғамдағы алаңдатып жүрген көкейкесті мәселелердің барлығы "Жас Отан" аясында қарастырылмақ. Осындай игі істердің бірінен киелі қара шаңырақ ҚазҰУ-дың қалыс қалмасы анық.*



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жастарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын», - деген сөзінен білім ордаларына ерекше көңіл бөлініп отырғанын айқын аңғарамыз. Осы жолдама аясында «Сұңқар» студенттер кәсіподағының қолдауымен ҚазҰУ-дың «Жас Отан» жастар қанаты мүшелері Алматы қалалық «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Арман Халбековпен кездесу өткізді. Кездесуге сондай-ақ Алматы қалалық «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысының бірінші орынбасары Асхат Жұмаханов та қатысты. Кездесу барысында қазіргі таңдағы жастардың қоғамнан алатын орны, «Жас Отан» жастар қанатының осы күнге дейін атқарған жобалары және алдағы жоспарлары сөз болды. Атап айтар болсам, «Ардагерлерді ардақтайық», «Жастар ауылға», «Жастар кадрлық резерві», «Сәтті қадам», «Қазақша сөйлесейік» атты ауыз толтырып айтарлықтай еңбектері бағаламау мүмкін емес. Алдағы уақытта еліміз үшін өте маңызды «Дүниежүзілік Экспо-2017» көрмесіне қатысты «Волонтерлар мектебі» жобасы өз жұмысын бастамақ. Бұл жобаның ауқымдылығы, маңыздылығы атынан-ақ белгілі.

Өз сөзінде Арман Халбеков: «Жас кезде бәріне үлгеру керек. Қоғамдық өмірге белсене атсалысып, бос уақытта тек оқу керек!», - деп

өзінің студенттерге ағалық ақылын айтты. Елбасының жастарға мол үміт артатынын, болашақтың кілті жастардың қолында екенін атап өтті. Қонақтардан басқа «Жас Отан» жастар қанаты Бостандық ауданының атқарушы хатшысы Динара Каримова, Жастар ұйымдары комитетінің төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров, ҚазҰУ-дың «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Дәурен Арубаев және ҚазҰУ-дың басқа да белсенді студенттері өз ой-пікірлерін білдіріп, келген қонақтарға алғыс білдірді.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Айдана Сыдықова: «Біздің белсенді студенттер әрқашан да сіздерге қолдау көрсетіп, жұмыла қызмет етуге дайын. Еліміз үшін аянбай еңбек етіп, барлық жобаларға белсенділікпен атсалысамыз. Өзіңіз түлеп ұшқан киелі шаңырақ ҚазҰУ-ға арнайы келгеніңіз үшін рахмет!» - деп өзінің ерекше лебізін білдіріп, кездесу соңында «Сұңқар» студенттер кәсіподағының атынан келген қонақтарға ҚазҰУ логотипі бейнеленген күртешені сыйға тартты. ҚазҰУ-дың белсенді студенттері мұнымен тоқтап қалмақ емес, әлі де осындай қарқынмен еңбек етіп, белсенділік танытып, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетіпін тап та, бар қалан», - деп Абай атамыз айтпақшы, Қазақстанға өзіндік үлес қосып, бір кірпіш болып қаланатынына сенім мол. «Жас Отан» жастар қанаты мен «Сұңқар» студенттік кәсіподағының бұл жиынында өзге де өзекті тақырыптар талқыланды.

Айдана АРЫСТАН,

«Сұңқар» студенттік кәсіподағының мүшесі

### ■ КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

1992 жыл

Философия-экономикалық факультеті философия және саясаттану, сондай-ақ экономика және социология деген екі дербес бөлімдерге бөлінді.

**Наурыз** айында экспериментальды және теоретикалық физика институты ашылды.

1993 жыл

**9 қаңтарда** Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталды.

**27 сәуірде** университетте екі сатылы оқу орындарының іс-тәжірибелері негізінде жасалған студенттер білімін бағалаудың рейтинг жүйесі енгізілді.

Университеттің ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік әл-Фараби орталығы құрылды.

Желтоқсанда әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де университет қызметкерлерінің кәсіподағы құрылып, ол қоғамдық бірлестік ретінде өз Жарғысымен тіркелді.

1994 жыл

**15 қаңтарда** әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің 60 жылдық мерейтойы тойланды.

**11 сәуірде** ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев университет ұстаздарымен және студенттерімен кездесті.

1995 жыл

Химия факультеті жанынан физикалық-химиялық әдістемелік анализдер орталығы ашылды.

1996 жыл

Республикада алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде көп деңгейлі білімнің жоғары сатысы ретінде 26 мамандық бойынша және 97 арнаулы бағытқа мамандар дайындау негізінде магистратура ашылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті өзін-өзі басқаратын автономды мемлекеттік ұлттық университеті деп аталды.

1997 жыл

11 маусым айында университетте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Әзербайжан Республикасының Президенті Г.А. Әлиев ұжыммен кездесті.

Шілде айында экономика және құқық институты ұйымдастырылды.

Жалғасы 3-бетте

## ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

*Жылудифизика және техникалық физика кафедрасының ұйымдастыруымен №1 студенттер үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты кафедра күні өтті.*

Бір апта бұрын факультетте басталған талдау енді студенттер үйінде жалғасты. Студенттер талқылау арқылы өздерін де осы құжатта көрсетілген тапсырмаларды орындаушылардың бірі екенін түсінді.

Қазақ биімен ашылған жиында білім алушылар дайындаған презентацияларын, видеороликтерін көрсетіп, «Тәуелсіздік туы», «Менің Қазақстаным!», «Мен жастарға сенемін!» атты өлең жолдарын оқып, күй тартты, Жолдауға пікірлерін білдірді. Кафедра меңгерушісінің орынбасары Рустем Манатбаев: «Биылғы Жолдау – егемен еліміздің тұрақты дамуын қамтитын, мемлекетіміздің барлық саласына серпін беретін, халқымыздың игілігін көздейтін құжат. Қуантатыны «2030 бағдарламасын» мерзімінен бұрын аяқтап, келесі жоспарды орындауға да қадам басып отырмыз. Осындай жоспарлардың дұрыс және уақытында орындалуына мемлекетіміздің әр азаматының қосып отырған үлесі бар», - дей келе студенттерді талмай еңбектенуге, терең білім алуға шақырды. Өз кезегінде: «шеттері қоршалмаған, тұйықталмаған сызықтар – әрі қарай тоқтамай дами бер деген мағынаны беріп тұрғандай», - деп биылғы Жолдаудың белгісіне ой білдірді. Шараға қатысқан ұстаздардың барлығы студенттерге жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын айтты.

Айжан КУЙКАБАЕВА,  
PhD

## ВОЗЛОЖЕНА БОЛЬШАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

*В студенческом общезитии №18 КазНУ состоялась беседа преподавателей кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права со студентами по обсуждению положений Послания Президента РК народу Казахстана «Казахстанский путь развития-2050: Единые цели, единые интересы, единое будущее».*

В студенческом общезитии №18 КазНУ состоялась беседа преподавателей кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права со студентами по обсуждению положений Послания Президента РК народу Казахстана «Казахстанский путь развития-2050: Единые цели, единые интересы, единое будущее».

С краткими докладом выступили профессора А.Ибраева и Д.Баймаханова, доценты Н.Мынбатырова и А.Исабеков, которые обозначили несколько главных идей, содержащихся в Послании. Это – приоритетное развитие науки, финансирование которой планируется довести до уровня не ниже 3 процентов от ВВП; необходимость совершенствования системы образования; развитие молодежной и социальной политики; сохранение ценностей, лежащих в основе новой государственной идеологической программы «Мәңгілік ел» и т.д.

В свою очередь студенты приняли активное участие в обсуждении. Выступающие отметили, что именно молодежи принадлежит особое место в реализации данного послания и на них возложена большая ответственность за будущее государства, процитировав слова Президента: «Особо обращаюсь к нашей молодежи. Эта Стратегия - для вас. Вам участвовать в её реализации и вам пожинать плоды её успеха. Включайтесь в работу, каждый на своём рабочем месте. Не будьте равнодушными. Создавайте судьбу страны вместе со всем народом!».

Студентам во время обсуждения была предоставлена возможность выразить свою точку зрения по заданной теме. В итоге, студенты и преподаватели, пришли к выводу о том, что важно уделить особое внимание самообразованию и саморазвитию подрастающего поколения, стремлению знать иностранные языки и заниматься тем делом, которое принесет пользу не только ему, но и обществу.

Айдана ПАИЗОВА,  
студентка юридического факультета

## ЖАРҒЫН БОЛАШАҚ

*Елбасының биылғы Жолдауында айтылған «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруға әрқайсымыз жауаптымыз деп қабылдауымыз керек. Осындай ізгілікті істің маңызын филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері жете түсінген. Бұл ұжым университеттің рухани, мәдени, әдеби құндылықтарын қастерлей отырып, алдағы бесжылдықта атқаратын орасан зор істердің алғашқы кезеңін бастап та кетті.*

Ұстаздар қауымы ұлттық білім берудің сапасын жақсарту мақсатында орасан істерге бел буды. Олар өз алдарына заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін жазып, құрастыруды негізгі міндет етіп алды. Қазақ тілінің мәртебесін нығайту, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуіне арналған оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларын шығару жұмысына да жаңаша басымдық беріп отыр. Үлгерімі жақсы студенттерді қолдаудың тиімді жүйесіне жоба жасап, тәжірибеге енгізу оқытушы-профессорлар қауымына Жолдау жүктеген зор міндет. Осы жолда жаңашылдыққа негізделген тың еңбектер жасалуы керек. Мәңгілік елде мәңгілік тілдің, яғни қазақ тілінің болуы филолог мамандардан жауапкершілікті, іскерлікті талап етеді. Міне осы бағыттарда жүйелі қызмет ету жолына ұстаздарымыз алғашқы қадамдарын бастап та кетті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауда айтылған даму стратегиясының, әсіресе, жастарға арналғандығын, оларға сенім артылып отырғандығын айтады. Демек, қазақстандық жастардың, студенттердің, оның ішінде 80 жылдық тарихы бар біздің университет студенттерінің елімізді дамыған 30 елдің қатарына қосуда үлестері зор болмақ. Осындай зор міндет болашақ мамандарға бүгіннен жіті түсіндіріліп, айқын бағдар берілуде. Мәңгілік ел болу үшін рухымыз асқақ, біліміміз жоғары болуы керек. Ал бұл бағытта ұрпағымызды тәрбиелеу ұстаздар қауымына үлкен сын.

Гүлмира ҚАЗЫБЕК,  
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы

## КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Бағы 2-бетте

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

1998 жыл

5 қаңтарда Студенттер сарайы ашылды. Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысып, студент жастар арасында сөз сөйледі.

5 қаңтарда ҚазМУ-дың ғалымдары мен оқытушылары профессор Т.К. Кәкішевке «Парасат» ордені, академик З.Қ. Қабдоловқа Мемлекеттік сыйлық, профессорлар Қ.Б. Жарықбаев және М.М. Бағызбаеваға Қазақстан Республикасының «Ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы, Ш.Е. Елеуеновке Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық, доцент Б. Жақыпқа «Дарын» Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қаңтардың 25-інде ғылыми кітапхана дүниежүзілік Интернет торабына қосылды.

1999 жыл

ЮНЕСКО Бас директорының орынбасары С.Н. Пауэр университеттің Ғылыми кеңесінде сөз сөйледі. Оған «ҚазМУ-дың құрметті профессоры» атағы берілді.

ҚазМУ-дың оқытушы-профессорлар құрамының басқосуында М.В. Ломоносов атындағы МГУ ректоры В.А. Садовничийге және РФ-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері И.К. Смирновқа «ҚазМУ-дың құрметті профессоры» атағы берілді.

Наурыз айында әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де студенттердің дербес кәсіподағы құрылып «Сұңқар» қоғамдық бірлестігі ретінде өз Жарғысымен тіркелді.

2000 жыл

27 сәуірде әл-Фараби атындағы ҚазМУ қызметкерлері кәсіподағының конференциясы ҚР жаңа заңдарына сәйкес өз Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, «Парасат» кәсіподағы деген атау бекітілді.

12-22 мамыр аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен құрылған комиссия мемлекеттік аттестация жүргізді. Комиссия ҚазМУ-дың оқытушылар, ғалымдар және қызметкерлер ұжымының оқу-тәрбие, ғылыми және ұйымдастыру қызметін бүгінгі күннің ең жоғарғы талаптарына сай деп шешті.

Қазақстан Республикасы Үкіметі 25 шілдеде «әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорының ерекше мәртебесі туралы қаулы қабылдады.

27 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де Қазақстанның палеолит мұражайы ашылды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

## ОРТАҚ МІНДЕТ

«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы әрбір қазақстандық азаматтың жүрегіне жылу ұялатып, болашаққа деген сенімді арттырды. Отанымыздың мәңгілік елге айналып, «Қазақстан-2050» стратегиясының орындалуы елімізге жүктелген ортақ парыз бен абыройлы міндет. Дамыған 30 елдің қатарына қосылу тұжырымдамасы бойынша басым бағыттар айқындалып, ұзақмерзімді басымдықтар белгіленген бұл Жолдауда табиғи ресурстарды рационалды пайдалану ерекше аталды.

«Жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес суды үнемдеу технологияларын қолдану, Астанадағы ЕХРО – 2017 көрмесіне дайындықты болашақтың энергиясын іздеу және жасау жөніндегі озық әлемдік тәжірибені зерделеу мен енгізу орталығын құру үшін пайдалану қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, денсаулық сақтау, мәдениетті дамыту, білім саласына да ерекше мән берілді. «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», - деді өз сөзінде Елбасымыз.

Қазіргі таңда Елбасымыздың халыққа Жолдауы еліміздің түкпір-түкпірінде талқыланып, ҚазМУ ұжымы мен студенттері Қазақстанның «Мәңгілік елге» айналу бағыты бойынша жұмыстарды бастап та кетті.

А.Р. СУЛЕЙМЕНОВА,  
А.Н. МУНАЙПАСОВА,  
метеорология және гидрология кафедрасының оқытушылары

## ОРИЕНТИРЫ БУДУЩЕГО

*Послание Президента нашей страны сейчас находится в эпицентре общественного внимания. Если кратко проанализировать тезисы обращения Лидера нации, то в них четко прослеживается Стратегия построения до 2050 года, комфортного, безопасного и экономически процветающего государства, входящего в тридцатку развитых стран мира.*

И такой Республика Казахстан по праву может стать, потому что все предпосылки у него для этого есть. Это квалифицированные кадры, огромный сырьевой ресурс, научный и производственный потенциал. Поэтому мне откровенно, что разработки и задумки ученых нашего института совпадают с основными постулатами этого важнейшего документа.

В своем Послании Глава государства поставил перед правительством задачу «обеспечить перевод агропромышленного комплекса на инновационные рельсы». В частности развивать аграрную науку, вести разработку засухоустойчивых и генно-модифицированных культур. В связи с этим группа ученых-биологов под руководством профессора Кенжебаевой С.С. и при технической помощи МАГАТЭ успешно работает над созданием мутантных линий пшеницы и других зерновых культур.

Акцент в Послании ставится и на внедрение передовых технологий в сельское хозяйство. Между тем, сотрудниками НИИ ПЭ совместно с белорусскими учеными, ведется научная разработка по созданию нового микробиообработки на основе фузикокина, для повышения продуктивности и устойчивости к фитопатогенам злаковых культур. Своеобразной революцией

можно назвать отечественную разработку биотехнологии массового размножения стевии – источника природного заменителя сахара. Не менее интересны и актуальны для народного хозяйства Казахстана такие проекты ученых нашего института, как биологическая очистка загрязненных водоемов и т.д. Таким образом, в активе ученых НИИ проблем экологии, удостоенном в прошлом году звания «Лидер отрасли – 2013», есть разработки, полностью отвечающие принципам «зеленой» экономики.

Как отметил Глава государства, подготовка квалифицированных кадров должна быть увязана с инновационно-индустриальным развитием страны. Флагман высшего образования - КазНУ включился в решение поставленной Президентом задачи и приступил к реализации новой масштабной программы по трансформации из классического университета в современный исследовательский университет мирового уровня. Поставленные цели и намеченные ориентиры будущего науки, дают нам основание утверждать, что наш институт, будет и впредь плодотворно работать, на благо и процветание нашей родины.

А.А. СКАКОВА,  
директор НИИ проблем экологии

# ӨТЕГЕН АҒАЙДЫҢ ӨНЕГЕСІ

*Шығыстану факультеті қазақтың қара шаңырағы атанған ҚазҰУ-дың ең жас факультеттерінің бірі. Бұл факультеттің ашылуына атсалысқан ағаларымыздың әрбірі ерекше тұлғалар екендігі көп айтылып, көп жазылды. Алайда шығыстану факультетінде дәріс беретін, жылдар бойы көптеген жас маманды тәрбиелеп шығарған ұстаздар туралы қанша айтақ та артық етпес деп ойлаймыз. Сондай ұлағатты ұстаздардың бірі – шығармалары бір төбе, ұстаздығы бір төбе ешкімге ұқсамайтын ұстаз ф.ғ.д., профессор Өтеген Күмісбаев.*

Өтеген Күмісбаевпен таныстығымыз 2 курста оқып жүрген кезден басталды. Ол кезде біз шығыстану факультеті ирантану және үндітану кафедрасының парсы тілі мен әдебиеті бөлімінің 2 курс студенті едік. Ал, Өтеген ағай үшін ұстаздық қызметтің басталған шағы. Кейін ол ұзақ жылдар бойы ирантану және үндітану кафедраның меңгерушісі, сонымен қатар бір кездері шығыстану факультетінің деканы болып қызмет атқарды. Өтеген ұстаз студенттерге бір рет те дауыс көтеріп, ашуланып, қабақ шытып көрмеген ерекше мейірімді, парасатты, студенттер жанына жақын жан. Бүгінде ұстазыммен бірге шығыстану факультетінің арабтану және ирантану кафедрасында бірге жұмыс істеп, әріптес болып жүрмін. Осы орайда ұлағатты Өтеген Күмісбаевтың 75 жасқа толу қарсаңында ұстаздан үйреніп, ойға түйгендерімізбен бөліскім келді.

Әрбір шығыстанушы, оның ішінде ирантанушы ол дәріс оқитын ұстаз немесе бүкіл өмірін зерттеуге арнаған ғалым болсын, ұлтына, дініне, жасына және жынысына қарамастан бір-бірін тіл қатқан сәттен бастап жылдам түсіне қояды. Оған себеп болатын жай олардың басын біріктіріп тұрған Иран мен Иран тарихы, тарихи қалалары, сол қалаларда дүниеге келген парсының бұлбұл ақындары, сол бұлбұл ақындардың дүниені таңдандырған шығармалары, оларды зерттеген батыс пен шығыс ғалымдарының еңбектеріне деген құрмет, ежелгі көне өркениет ошағы мен мәдениетке деген қызығушылық бәрі-бәрі осы сала мамандарын бір арнаға әкеліп құятыны болса керек. Осы туралы ресейлік белгілі ирантанушы ғалым Олег Акимүшкин былай деген болатын: «Иран кәдімгі бір ашқарын арыстандай, алдына келгеннің бәрін ақырындап шайнамай жұта береді, ешуақытта тойдым демейді. Аш арыстанның қарнына бай да, бағлан да, жас та кәрі де, жыртқыш та жуас та бәрі-бәрі түседі, аш қарында әбден араласып, қорытылады. Ал, одан түр-түсі ерекше, ешнәрсеге ұқсамайтын, әдемі ерекше сұлу, баршаға ортақ дүние пайда болады». Ғалымның осы сөздеріне зер салсақ, ирантанушылардың бәрі де тура солай бір арнаға құйған өзен суындай тасып барып, үлкен дарияға құяды екен. Сол арнада әбден араласып, содан шығып, әркім өзіне лайықты Гүлістан

бағына барып құяды және сол бақты жасыл желекке айналдырып, ал суы жемісті бақтың қуат көзіне айналады екен. Өтеген Күмісбаевтың ұстаздық жолы мен ғылымдағы орны осы сөздерге толығымен дәлел бола алады. Бір кездері Мәскеуде ұзақ жылдар бойы шығыстану ғылымымен сусындаған Өтеген ағай, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң, жатса да тұрса да ойынан бір сәтке шығармаған ақындар еліне баруға мүмкіндік табады. Қазақстанда алғаш рет Иран Ислам Республикасының елшілігі жанынан 1996 жылы Иран мәдени орталығы ашылып Иранға сапар жеңілдей түседі. Осы орталықтың атсалысуымен көптеген ирантанушылар өздері жылдар бойы армандаған Иранға барып, тікелей Иран халқымен араласып, Иранның бай кітапханаларында жұмыс істеп, зерттеу жұмыстарын жазып, халыққа ұсынуға қол жеткізді. Осы топтың басында тұрғандардың бірі де бірегейі Өтеген Күмісбаев болатын.

Тегеран қаласындағы Педагогикалық университеттің шетелдік парсы тілі мен әдебиеті оқытушыларына арналған арнайы бір семестрлік курсына 2000 жылдардың басында Өтеген ағай алғашқылардың бірі болып барып, қысқа мерзімде парсының әдеби тіліне терең сусындап қайтты. Осы сапардың нәтижесі ретінде бірнеше аударма, бірнеше оқулық және зерттеу еңбектерін жазып, студенттер мен жалпы оқырман қауымның назарына ұсынды. Солардың ішіндегі ерекше қызықтыратын тақырып парсы ақындарын түпнұсқадан тікелей қазақ тіліне аудару болса, екіншісі парсы әдебиеті туралы зерттеу жұмыстары деп атап көрсетуге болады. Өтеген ағайдың қайсыбір жұмысын алып қарасақ та іші эмоция мен шығысқа деген құрмет пен шексіз сүйіспеншілікке толы. Өтеген ағайдың еңбектерінің ішінде ирандықтардың ежелгі наным-сенімі туралы құнды деректер жинақталған пәһлеви тілінде жазылған Авестадан бастан, ХХ ғасырдың басында өмір сүрген мыңдаған ақын тобынан Шолпан жұлдызындай жарқ етіп ерекшеленген әйел ақын Парвин Этесамиге дейінгі аралықтағы барлық парсы әдебиетінің ірі тұлғаларын кездестіруге болады. Профессор Күмісбаев парсы ақындарын ірі деп, ұсақ деп бөлмей бәріне теңдей

қарағаны ғалымның жүрегінің кеңдігін және парсы әдебиетіне деген шексіз махаббатын көрсетеді.

Сонымен қатар, ағайдың оқудан, үйренуден шаршамайтын мінезі бар. Профессор Күмісбаев жасым келмейді деместен Иранға бір семестрлік оқуға да барып қайтқан болатын. Бұл ісінен де ешуақытта шаршау дегеннің не екенін білмейтін еңбекқор адам екенін көреміз. Өтеген ағайдың Иранға бір семестрлік оқуға барғанында Тегеранда оқып жүрген бір топ жас ағайдың ғылыми тақырыбын қорғайтын күні арнайы барып қатыстық. Алдымен Қырғызстан мен Ресей елінің өкілдері жобаларын қорғады. Кезек, Өтеген ағайға жеткенде, ол асықпай мінберге шығып, өзінің өмір бойы қазақша сөйлетсем деп армандаған Омар Хаямның рубаиларын зерттегенін және бірнеше төрттағандарын қазақ тіліне аударғанын, поэзияны аударудың қиыншылығы мен ерекшелігі туралы айтып өтті. «Ақынға ақынды аудару қиын, қиын да болса, шексіз рахат сезім сыйлайтын жұмыс. Өйткені Хаям, Хафиз немесе Сағди қазақша сөйлей бастаған кезде, жүрек кеудеге сыймай тулап, ерекше сезімге бөленесің және олар сенің бейне бір замандасыңдай, досыңдай, тіпті туысыңдай болып кетеді. Десек те жүректен шыққан сөз жүрекке жетіп жатады. Тамаша жыр-шумақтарды аудармасыз да түсіне бересің, бірақ негізінен біз көпшілік қауым үшін аударамыз ғой. Сондағы мақсатымыз білгенімізбен бөлісу», - дейді. Қатысушылардың бәрі бұл жауапқа тәнті болып, қошемет таныпты. Сол жылында Өтеген өзінің ақындық өмірге енді қадам басқан кезде жазған «Мен 22 жастамын» деген өлеңін де оқып берді. Бұл бір ерекше құбылыс болды деуге болады. Ирандықтар орнынан тұрып кетіп: «Пай-пай, бұл не деген тасқын су! Бұл не деген екпін», - деген сөздерін құлағым шалып жатты. Ал, тіпті біреулері: «Бұл кісінің өлең оқығаны аттың тұяғының дүбірін еске салады екен» десе, енді біреулері: «Адамның бойына қан жүгіретінін, ұйықтаған жүректерді дабыл қағып оятатын мынадай өлеңді төпелеп оқудың ғажабын-ай» деген сөздер біраз уақытқа дейін дамыл таппады. Күмісбаев қарапайым қалпын сақтап, қолың кеудесіне қойып, рахметін айтты. Бізді көріп балаша қуанып: «сендер келмей тұрғанда өзімді жалғыз сезініп, қобалжып отыр едім, сендерді көріп қанаттанып кеттім ғой», - деп ризашылығын жеткізді. Міне, қазақтың ақыны, шығыстанушы ғалымы Тегерандағы зиялы қауым өкілдерін осылайша таңғалдырған еді. Ал Тегеранда оқып жүрген қазақ студенттері



осы оқиғаны ұзақ уақытқа дейін ұмытпай, өзіміздің арамызда айтып жүрдік. Ирандықтар болса, қазақ деген азаттықты аңсаған халықтың үні қандай болатынын Өтеген ағайдың өлеңінен естіп, біліп, талай уақытқа дейін осы Өтеген ағайдың шабыттанып өлең оқығаны туралы әңгімелеп жүрді.

Менің ұстаздан түйгенім, ақынды ақын ретінде түсіну бір бақыт екен. Сол күні, одан кейінгі жиындарда, кездесулерде профессор Ө. Күмісбаев өлең оқыған кезде ерекше сезімге бөленетінін байқадым. Өлең оқыған кездерде ағай өзін шексіз бақытты, «Гүлістан» бағына барып-қайтқандай, әр жолы Хафиздың, Омар Хаямның, Румидің, Насир Хусраудың өлеңдерінен оқығанда сол бір «Гүлістан» бағын шарлап, сол бақта осы шығыстың шайырларымен жүздесіп, сырласып қайтатынын байқадым. Сондықтан ағайдың не үшін тынбай еңбек ететінін, шығыс шайырларынан таңдамалы өлеңдерді тынымсыз аударатынын, өлең жазуды ешуақытта тоқтатпайтынын түсінгендей болдым. Себібі әрбір өлеңді аударған кезде, ғалымның бір жасап қалатыны және сол арқылы бақытқа кенелетіні анық. Бірақ, ағайдың қиялында әлі де барып көрмеген басқа да «Гүлістан» бақтарының бар екенін сеземін. Олай болса, Өтеген Күмісбаев ағамызға 75 жасқа толу қарсаңында, сіз шарлайтын «Гүлістан» бақтары көп болсын, сол бақтардан әкелетін жемістеріңіз мол болсын деп тілейміз. Әлі де талай шығыс шайырларын қазақша сөйлете беріңіз!

**Ғалия ҚАМБАРБЕКОВА,**  
шығыстану факультеті  
арабтану және ирантану  
кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к.

## ПРЕДАННОСТЬ СВОЕМУ ДЕЛУ

*Лайла Сейсенбековна Ахметова – судьба доктора исторических наук, профессора неразрывно связана с факультетом журналистики и с университетом, т.к. здесь она училась, здесь же начала работать и по сей день трудится в родном университете – КазНУ. Можно сравнить ее активную научно-педагогическую и общественную деятельность с удачным запуском прогрессивной космической ракеты, полет которой безграничен, т.к. сфера деятельности самого профессора Л.С. Ахметовой расширяется с каждым годом.*

Этот «космический корабль» на высокоскоростную орбиту был запущен ее родителями. Она начала активную общественную деятельность в Акимате города Алматы благодаря педагогической работе, в профкоме КазНУ, во всемирной организации ЮНЕСКО, в неправительственных организациях (НПО). Ее социально-патриотические, гендерные проекты имеют огромное значение в жизни общества.

Поражаешься разносторонностью, всеохватностью, жизнелюбью Ляйли Сейсенбековны, а ведь у нее большая семья: муж, трое детей, которые всегда ее поддерживают и помогают в реализации ее планов.

Творческой энергией Л.С. Ахметовой

восхищаются многие. Статьи, книги, конференции, поездки, встречи, проекты, семинары-тренинги она реализовывает на высоком профессиональном уровне. Взять, к примеру, ее книгу «Медиа-менеджмент СМИ» - это первая книга в Казахстане по менеджменту и маркетингу масс медиа, которая в 1990-е годы исполнила информационный вакуум новой журналистской дисциплины того времени, когда не было отечественных работ по данной тематике.

У Л.С. Ахметовой очень благородная и интересная тема кандидатской диссертации по освещению в СМИ патриотического воспитания молодежи, которую она и в настоящее время развивает и углубляет. Эту тему продолжают ее новые книги и, в частности,



проведенная в 2013 году презентация книги и конференция, посвященная подвигу Героев-Панфиловцев – «Панфиловцы: 60 дней подвига, ставших легендой».

А сколько учебников и учебно-методических пособий выпущено профессором Л.С. Ахметовой, по которым учатся студенты факультетов журналистики республики по разным учебным программам. Например, учебное пособие «Медиа-образование Казахстана» (2013г.), ставшее результатом научного исследования трехлетнего проекта под эгидой ЮНЕСКО, МОН РК и КазНУ «Разработка технологичной медиа-образования для формирования интеллектуального потенциала страны».

В Юбилей Лайлы Сейсенбековны Ахметовой желаем ей новых идей, проектов, неиссякаемой творческой энергии, дальнейшего полета в покорении новых высот.

**Сауле БАРЛЫБАЕВА,**  
д.и.н., профессор;  
**Карлыга МыСАЕВА,**  
к.ф.н., доцент

**Шығыстану факультетіндегі Халықаралық корейтану орталығының жанынан «Қазақстан-Корея» ақпараттық-ресурстық зертханасы ашылды**

## ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

Академиялық ұтқырлықты арттыру бағытында университет қолға алған ауқымды қадамдар студенттердің тек елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде тәжірибе алмасуына, бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруына кеңінен жол ашты. Осы орайда жуырда химия және химиялық технология факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының I-курс магистранты Әбілқас Айдын АҚШ-тың Небраска-Линкольн университетінің «Су ғылымы» зертханасында (University of Nebraska-Lincoln, Water Sciences Laboratory) әлемдік деңгейде танымал профессор Даниэл Сноудың тікелей жетекшілігімен екі апталық ғылыми-тәжірибелік алмасудан өтті.



Academic Ranking of World Universities рейтингісі бойынша әлемнің 200-ші орынды университеті қатарына кіретін және профессор-оқытушылар құрамында Нобель және Филд сыйлықтарының лауреаттары бар оқу орнынан Айдын шыңдалып қайтты. Ол өзінің магистрлік диссертациясы аясында табиғи компоненттердің құрамындағы өте төмен концентрациядағы органикалық қосылыстарды және ауыр металдарды сараптаудың алдыңғы санаттағы аналитикалық әдістерін жетік меңгергенін айтады.

Жастарымыздың осы тектес ғылыми сапарлары еліміздің 30 дамыған мемлекет қатарына кіру жаңа саяси бағдарына қадам басуына шет елдік соңғы үлгідегі ғылыми технологияларды Отанымызға сіндіру арқылы өз септігін тигізері сөзсіз. Кеңес дәуірінен кез келген ғылыми орталықпен бәсекелесе алатын жалпы және бейорганикалық

химия кафедрасы тәуелсіз елімізде қайта жаңғырып, бүгінгі күні әлем мойындайтын халықаралық ғылыми-зерттеу орталығына айналуы көздеуде. Бүгінгі таңда кафедра қызметкерлері және Небраска университетінің мүшелері бірлесе Сырдария өзені аңғарындағы қоршаған орта және адамдарға алуан түрлі ластанушылардың әсерін зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда. Ағымдағы жылы Қазақстан және АҚШ жетекші сарапшыларының қатысуымен еліміздегі өзендердің ластануы мәселелеріне арналған семинар өткізу жоспарланып отыр. Жоспарланған Халықаралық дала экспедициясы отандық және шетелдік студенттерді табиғи объектілерден сынама алудың заманауи әдістерін үйретуге таптырмас алаң болары анық.

**Болат ОРАЛБЕКОВ,**  
жалпы және бейорганикалық кафедрасының меңгерушісі

## БІРЛІК – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Сенбі күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, география және табиғатты пайдалану факультеті, картография және геоинформатика кафедрасы эдвайзерлерінің ұйымдастырумен «Геодезия және картография» мамандығының I курс студенттеріне мамандықтың қыр-сырын меңгеруге арналған кеш өтті. Сонымен қатар шара студенттердің азаматтық-патриоттық және рухани құндылықтарын дамытуды, студент жастарға ұжымдық рух беруді мақсат етті.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етеді. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды болып табылады.

Жастарды белсенді өмір сүруге ынталандыру да осы жиынның басты мақсаты. Куратор-эдвайзерлер іс-шара барысында студенттерге тренинг-ойындарын ойнатып, кездесуді қызықты өткізді. Жиналған студенттер туылған жыл мезгілдері бойынша төрт топқа бөлініп,

«Махаббат», «Бақыт», «Достық», «Арман» сияқты тақырыптарын қолда бар құрал-жабдықтар арқылы қағазға түсіріп, өз ойларымен бөлісті. Студенттер бірі өлең оқыса, енді бірі сөз сөйлеу мәнерімен және тиянақты ойымен барша жиналған қауымды тамсандырды. «Біз үшін бұл кездесу өте маңызды. Біз жаңа достар тауып, олармен жақынырақ таныса түстік. Осы кездесуді ұйымдастырған эдвайзерлерімізге, ұйымдастыруға ат салысқан барша жанға алғысымызды білдіреміз!», - деп студенттер ризашылықтарын білдірді.

**А.К. УТЕПБАЕВА,**  
картография және геоинформатика кафедрасының аға эдвайзері



пайдалана алуға үйрету қажет. Ұлттық PR-технологиясын үйрену, ұлттық PR-нарығын дамыту үшін бәсекелес орта қалыптастыратын ПР-шылардың жас

жасаудың технологиясына арналды. Жарнама нарығының қыр-сыры мол екен. Apple Town PR-департаментінің директоры Л. Әміржан "PR - өнер" деп санайды.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ШЫҢДАҒАН ҚЫСҚЫ МЕКТЕП

Журналистика факультетінің ұйымдастыруымен ҚазҰУ-дың 80-жылдық мерейтойына арналған «Коммуникация – бәріне: шығармашылық идеялар мен технологияларды басқару өнері» атты I Халықаралық Журналистика және коммуникация Қысқы мектебі өтті. Алматы облысындағы Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағында орналасқан «Тау-Туран» Білім беру-сауықтыру кешенінде біліктілікті арттырумен қатар қатысушылар қысқы табиғат аясында таза ауада демалды.

Қысқы мектепке әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика, механика-математика, физика-техникалық, география және табиғатты пайдалану, экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері қатысты. Қысқы мектеп жұмысы үш күн бойы шығармашылықпен айналысатын жастарға арналған арнайы бағдарлама бойынша жүргізілді. Журналистика Қысқы мектебінің басты мақсаты шығармашылық идеялар мен ақпараттық оқиғаларды жариялауда жаңа технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалануда жаңа білімдер мен тәжірибелік дағдыларды игеру болып саналды.

Қысқы мектеп жұмысы барысында дәрістер оқылып, кейстердің шешімдерін табу жолдары қарастырылды. Жеке және топтық тәжірибелік сабақтар өткізілді, кәсіби кеңестер берілді. Шеберлік сағаттарын елімізге танымал мамандар мен профессор-ғалымдар жүргізді.

Қысқы мектеп дәрістері нәтижесінде мынадай ұсыныстар мен ортақ шешімдер жасалды. Журналист-практиктер мен теоретик-ғалымдардың

ортақ платформасы, диалог алаңы қажеттігі анық. Сондықтан қысқы мектеп осындай шараның бірі ретінде жұмысын жалғастыруды дәстүрге айналдырмақ. Университетіміздегі айтулы оқиғалар барысында студенттік «Әл-Фараби» радиосы "Қазақ радиосына" жаңалықтар дайындайды. БҰҰ ақпарат бюросы ұсынуымен әлемдік деңгейде қазақ жұртының даусын еститін жоба М.Бұхарбаев жетекшілігімен студенттеріміздің еншісіне тиді. Осы шара барысында БҰҰ тарапынан ресми ұсыныстар мен келісімдер жасалуда. Тележурналистика саласына маманданатын студенттер 31 арна базасында зертханалық дәрістер алып жүр. Жалғасын тапса, тәжірибе құптарлық. PR-департаменттеріне тәжірибеден өтетін студенттер сол компанияға табыс әкелетіндей жобаларды ұсыну қажет. Әлеуметтік желіде сауатты да кәсіби стратегия құруды, орындауды білген студентті жұмыс өзі іздеп табады. Деректік журналистика заманы туды. Журналистикада білім алушыларды деректер базасын дұрыс құра алуға,



толқынын баулу қажет. Қазір сауатты да сапалы ресми видеосюжеттерден гөрі жылдам, оқиғаның ізін ала берілетін видеоматериалдардың құны жоғары. Осы деңгейде жұмыс істейтін журналистердің жас буынын тәрбиелеуіміз қажет. Коммуникация теориясы мен практикасында бір шындық бар. Ол – сендіру. Ақпаратты тұтынушыларды сендіретін сауатты мәтіндерді жаза білетін мамандарды даярлауымыз қажет.

31 арна продюсері А. Данченко тележурналистің режиссер, оператор әрі режиссер, әрі видеоинженер бола білгені дұрыс дейді. "Честно говоря" тележобасы жабылып қалса да Анна көтерген тақырыпқа сұрақ толастамады.

Л. Әміржанның дәрісі – жарнама



«Каспий банк» менеджері Е. Азанбек өз тәжірибесінен PR-ды түстеп, түрлеп, қыр-сырын түсіндірді. Профессор F.Ыбраева журналистикадағы визуализация және дата-журналистика бойынша дәрістер оқып шықты.

Медиа-кеңесшілер ең үздік студенттік идеялар мен авторлық шешімдер ұсынған қатысушыларға арнайы сыйлықтар мен стипендиялар тағайындады. Сондай-ақ журналист және PR-мамандары өз шәкірттерін журналистика мен PR-нарығының қыр-сырына баулуға, тәлімгерліктен өтуге шақырды.

**Гүлмира СУЛТАНБАЕВА,**  
«Медиаасфера» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры

25 февралы состоится международная научно-практическая конференция  
«Медиаобразование и киберсоциализация», посвященная  
60-летию профессора П.Ахметовой



## «ДОН КИХОТ»



Don Quijote  
de la Mancha

Испанияның ұлы гуманист жазушысы Мигель де Сааведра Сервантес (1547-1616) шығармашылығы оқырман қауымға аса қызықты, тартымды мәселелерді қозғайтындығымен ерекшеленеді. Тұтқынның азабында болған, күнкөріс үшін күрескен оптимист М. Сервантес – өмір жолында көптеген қиыншылықты басынан өткерген, өмір тәлкегіне түскен тұлға. Сервантес өмірінің соңғы 15 жылы оның әдеби шығармашылығының шарықтаған шегі еді деп айтуға болады.

Оны әлемге танымал еткен 1605 жылы жазған Дон Кихот атты романы. Роман жайында Сервантес: «Дон Кихот» сол дәуірде қатты әсіреленіп отырған сері жігіттер туралы романдарға пародия ретінде жазылған», – деп жазады. Романның басты кейіпкері сері жігіттер туралы романдарды өте көп оқып, оның оқиғаларына еліктеуші ауылдық Дон Кихот ежелгі кезбе сері жігіттердің кәсіптерін қалпына келтіруді ойлайды. Жәбірленгендер мен қамалғандарға қорған болып, әділеттілік орнатқысы келеді. Бірақ, ол кәсіптің дәурені өтіп кеткен болатын. Сондықтан Дон Кихоттың серілігі тек күлкілі ғана емес, қауіпті де еді. Сол кездегі Дон Кихоттың өмір шындығы, «ерліктері» барлық уақытта қайғылы жеңіліспен аяқталып, айналасындағыларға кесірін тигізіп отырды. Роман кейіпкерлері бойындағы қасиеттері: ақпейіл, ширақ, басқа біреудің басына қайғы-қасірет түссе қайырымдылық көрсетулері бір-бірімен қайшы емес, көбі бірі-біріне ұқсас. Дон Кихот Санчоға: «Оп-оңай байысың, сөйтіп губернатор боласың» деген уәдемен жорыққа алып шығады. Бірақ халыққа қызмет етемін деп жүріп, сәуегей Дон Кихот оларға тек зиян әкеледі. Дәулер екен деп ойлап, найзамен жел диірменге «шабуыл жасайды», тұтқын серілер екен деп жер ауғандарды босатады. Оған жаяу жүргіншілер түсетін сарай-қамал, қоралы қой – жау әскері болып көрінеді. Маңайындағы «есі дұрыстар» Дон Кихотқа үнемі лағынет айтады, өлімші етіп сабаиды, оны келемеждейді, қорлайды. Сонда да ол адамға деген сүйіспеншілігін сақтайды. Дон Кихоттың ықпалымен Санчо да өзгереді. Бай ақсүйек оны қалжындап аралдың губернаторы етіп тағайындағанда, сауатсыз шаруа данышпандық көрсетіп, сот мәселелерін шешуде әділеттілік және адалдық танытады. Сервантестің әлемдегі зұлымдық, әділетсіздік атаулыға қарсы күреске шақырған романы дүние жүзі оқырмандарының сүйіп оқитын кітабына айналды. Сервантестің бұл романы қазіргі кездегі заман мәселелерімен үндесіп, ұштасып жатыр десек де болады. Мысалға, әділеттілікті, адалдықты

көксеген жазушының идеяларын бүгінде ой елегінен өткізіп, саралауға болады. Бұл шығармадан үйренетін өте көп нәрсе табуға болады демекпіз. Зұлымдық, әділетсіздікке қарсы күресу сол заманнан бастап осы күнге дейін келе жатыр. Тек адамзаттың мүмкін күресу құралы, әдістемесі біршама өзгеріске түскен. Бұл роман өз заманында тікелей айту мүмкін болмаған жағдайды халыққа үндеу, жолдау ретінде жазылған шығарма болып табылады. Әділетсіз жағдайлармен күресуге, өмірдің әртүрлі сынақтарынан сүрінбей өтуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, жас ұрпақтарды екі адам арасындағы адал, шыншыл достықты сақтауға, дәріптеуге шақырады. Бүгінде достық деген ұғымның шынайы орнының жоғалуын байқаймыз. Адамдар арасында тек шартты, уақытша түрде қалыптасқан қарым-қатынас орнаған. Шынында да, достар арасындағы қарым-қатынас тек уақытша болады ма деген сұрақ мазалайды. Ал, Дон Кихот романын оқысаңыздар, басты кейіпкерлердің арасындағы қарым-қатынасқа таң қаласыз, екеуі бірге барлық қиыншылықтан кідірмей өтіп, бір-біріне демеу бола алып, барлық кезбе саяхаттарының соңына дейін барып, аяқтап өткен, яғни көздеген мақсаттарына жетті десек те болады. Латын тіліндегі, Amicus certus in re incerta cernitur «адал дос қиыншылықта табылады» деген афоризмі нағыз достарға лайық. Ұстаздар қауымының міндеті: тәрбие сағаттарында студенттерге тура жол көрсетіп, оларға ұлағатты, үлгілі тәлім-тәрбие беру. Латын тіліндегі: Mala herba cito crescit, аудармасы: «жаман шөп тез өседі». Сондықтан жаман шөптің тез өсуіне жол бермейік. Осындай арпалысқан заманда аса маңызды құндылықтарымызды жоғалтып алмайық, ағайын!

**Данель ҚАРАҒОЙШИЕВА,**  
жалпы тіл білімі және шетел  
филологиясы кафедрасының доценті

*Қайта өрлеу реализмінің керемет туындысы – Сервантес есімін дүние жүзіне танытқан «Дон Кихот» романы. В.Г. Белинскийдің бейнелі тілімен айтқанда, «адамзат өнеріндегі жаңа дәуір» де, міне, дәл осы кітаптан басталған еді. Кітаптың жарық көргеніне төрт ғасыр толды. Сервантес қатысқан және куә болған сол заманның қанды шайқастары баяғыда ұмылды, корольдер, қолбасшылар мен саясаткерлер келмеске кетті, бірақ қаламгердің атаалымы шығармасы оқырманды әділдік пен адалдыққа тәрбиелеп, толыққанды тіршілігін әлі жалғастырып келеді.*

## ҚАЙТА ӨРЛЕУ РЕАЛИЗМІНІҢ КЕРЕМЕТ ТУЫНДЫСЫ

Әлем әдебиеті мойындаған кез келген шығарманы алатын болсақ, адамгершілік қасиеттерге жетелейтін тәрбиелік мәнге тұнып тұр. Сондай көркем туындының бірі саналатын Сервантестің «Дон Кихоты» туралы айтар болсақ, оның жастарға берері көп.

Біріншіден, шығарманы стилистикалық көзқарас тұрғысынан қарастырайық. «Дон Кихот» шығармасын стилистикалық көркем құралдардың тұнбасы деп атауға болады. Мұнда драмалық және комедиялық диалогтар, сентиментальды монологтар, ескі балладалардан үзінділер, ұлттық нақышты айқын байқататын мақал-мәтелдер, аллитерация, каламбур – барлығын кездестіруге болады. Көркем әдебиеттің ақиқатты бейнелі жеткізу әдістерін шығармаға стилистикалық талдау жасай отырып үйренуге болады.

Екіншіден, Сервантестің «Дон Кихотының» өміршеңдігі, яғни шығарма кейіпкерлері мен олардың басынан өткерген оқиғалары арқылы оқырманға әсер етуші мәселелердің мәнділігі. Бұл – көркем туындының тәрбиелік сипаты. Сервантестің қай шығармасын алып қарайтын болсақ та, жазушының шығарма жазудағы мақсаттарының бірі – кейіпкерлерді үлгі ете отырып, оқырманды өмір шындығымен кездестіру екендігіне көз жеткізе аламыз.

«Дон Кихот» шығармасының эстетикалық тәрбие берудегі алатын орны зор. Эстетикалық тәрбиенің өзіндік ерекшелігі оның тұлғаға тікелей емес, жанама түрде әсер етуінде. Мысалы, егер адамгершілік тәрбиесінде тікелей

тәлімдік (ақыл айту, жол көрсету) басым болса, ал эстетикалық тәрбиеде тұлға көркемөнер туындыларынан ой түйіп, солардан алған эстетикалық әсер нәтижесінде таза өзінің қалауымен жоғалтады.

Шығарманың тәлім-тәрбиеге толы сөздері Кихоттың Санчоға айтқан ақыл-кеңестері:

- әрқашан өз дегеніңмен жүре бермей, өзгелердің ақылына да құлақ түр, жалған данышпандыққа бой ұрма;

- кедейлердің көз жасы көңіліңде шынайы аяушылық тудырсын, бай адамның құр тәкаппарлығы болмасын;

- кедей қанша көз жас төксе де, бай адам қанша байлық ұсынса да, ақиқатты жалғаннан ажырата біл, алданып қалма;

- біреуді айыптағанда тым қатал болма, өзің де қателік жасауың мүмкін.

Шығарма адамның күллі ой-қиялын, сыр-сезімін түгел баурайды, қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді. Қысқасы, адамның көңіл күйінде сан-сапа құбылыстар туғызып, із қалдырады. Бұл – «Дон Кихоттың» эстетикалық әсері. Оны таным, тәрбие тарапындағы мәні де осыған негізделген.

Сервантестің «Дон Кихот» шығармасы тәлім-тәрбиелік сипатымен және оқырманды әдебиетке баулитын стилистикалық әдіс-тәсілдерімен өз өміршеңдігін ғасырлар бойы сақтап қала бермек.

**Айнұр БАЙМҰРЗИНА,**

жалпы тіл білімі және шетел  
филологиясы кафедрасының 1 курс  
магистранты

## «Жүрегі оның - жанартау»

*Ақпан айының 6 жұлдызында География және табиғатты пайдалану факультетінде қазақ халқының жыр дүлдүлі, ғасыр ақыны атаған, санаулы саңлақтардың бірі, поэзияның Хан Тәңіріне айналған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Жүрегі оның - жанартау» атты поэзия кеші өтті. Кешке оқытушылар қауымы мен студенттер қатысты.*



Ашылу салтанаты артына өшпес мұра қалдырған Мұқағали ақынның өмір жолына қысқаша шолумен басталды. Келесі кезекте егемен еліміздің еркін аспаны, азат даласы, асқар тауы туралы ақынның өлеңдері оқылып, кеш шырайы одан әрі ашыла түсті. Сондай-ақ біртума ақынның махаббатқа толы оралымды

ойларынан, күйінішті жан күйзелісі мен сүйінішті сырлы сезімінен көрініс тапқан өлең жолдарына жазылған әндер шырқалды. Кеш соңына қарай, «Жалғасы бар жырымның, жалғасы бар», - деп тебіренген ақын жырының жалғасындай болып, Мұқағали жырларынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеп жүрген талантты шәкірттер ақынға арнаған арнау өлеңдерін оқыды. Сонмен қатар кеш қонақтары ақиық ақынның аударған өлеңдерін, өмірі мен шығармашылығы жайлы сыр шертетін көркем әдебиет көрмесін тамашалай алды.

Поэзия – адам жанын тебіренктен, айтылмай, бейнеленбей тынбайтын өктем рухтың бейнесі дегендей, бүгін біз ақынның өзге жұрттан артықшылығы – бүкіл болмыспен, табиғатпен табысып, кез келген кісі әсерлене бермейтін құбылысқа тебіренетіндігіне, кез келген кісі әсерлене бермейтін нәрседен әсерленетіндігіне куә болып, таңғажайып сырлы поэзия әлеміне саяхат жасап, тағы бір Мұқағали рухына тағзым етіп, өлеңі арқылы өзімен сырласқандай күйде болып қайттық.

**А.Ш. ШАКЕН,**

рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы;

**З. АБЫЛХАН,**

туризм мамандығының 2 курс студенті

## ПОЭЗИЯ ЖҰЛДЫЗЫ

*Мұқағали Мақатаев – заманымыздың ғажайып ақындарының бірі. Оның ақындық жарық жүйе келешекке қарай керуен түзеп, көше бермек. Өлең өлмейді. Ендеше оны жазған ақын да өлмейді. Олай болса, Мұқағали Мақатаев та көз жұмған жоқ. Мұқағали Мақатаев – адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жарымы. Оның өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақынның өлеңдерін оқыған сайын терек ойға батасың.*

9 ақпанда қазақ халқының біртуар ақыны М.Мақатаевтың туған күніне орай «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында Плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушылары – А.У. Амренова және А.Т. Габдуллина, С.А. Сызғанбаевалардың ұйымдастыруымен «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты поэзиялық кеші өтті. Кештің мақсаты қазақ тілінің қолданылуын дамыту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, жастардың бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерді ұялату, Мұқағали Мақатаевтың артында қалған шығармашылық мол мұрасын насихаттау, жастар арасында кітап оқу

мәдениетін дамыту болды. Кеште қатысушылар Мұқағали Мақатаевтың әнін де, шумақтаған өлеңдерін де, тіпті Мұқағалидің өмірінен де үзінді қойды. «Өлеңмен өрілген ой» айдарында электроэнергетика мамандығының 1 курс студенті Бердаулет Ержан мен ядролық физика мамандығының 3 курс студенті Құрманалиев Жәнібек Мұқағалиға арнап жазған өлеңдерін оқып, кештің мазмұнын аша түсті.

**Ж.М. МОЛДАБЕКОВ,**

плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушысы

**Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА**

**28 ақпанда журналистика факультетінде Барманқұлов оқулары аясында «Жас репортер» атты ғылыми форум өтеді**



**Мәулен Әнербаев Даниярұлы**  
1993 жылы 7 қыркүйекте Алматы облысы, Кербұлақ ауданы Рудничный ауылында дүниеге келген. Қапшағай қаласындағы №3 орта мектебі 2011 жылы аяқтаған. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 3 курсына білім алып жатыр. Алғаш өлең жазуға 7 сыныпта аяқ басса, қазіргі кезде Мұқағали, Абай оқуларының қалалық, облыстық мүшәйраларының жеңімпазы.

*Қарменен келген қалқатай*

Неге бұлай уақыт деген таршылық?  
Беремін ғой мен де сағат баршылық.  
Көргім келеді бір арудың келбетін,  
Ал ол болса көрсетеді қарсылық...

Іздейді жүрек ізін суытқан шақтарды,  
Өзгелік емес, өзіндік сырын ақтарды.  
Көктемге қолы жете алмай кеткен сылқымым,  
Аялап өтер аязды, суық ақ қарды.

Кеше қар жауды... көрдің бе?  
Мен сені көрдім қар емес маған маңызды.  
Сол жауған қарлар ызғарын алып келсе де,  
Еріті келіп, сезімнің суын тамызды

*Арманға айналармыз....*

Кездейсоқ кездесерміз мүмкін, мүмкін,  
Арманға айналармын мен де бір күн.  
Іздерсің, таба алмассың мені қалқам,  
Азайып езуінде жарқын күлкің.

Сыя алмай бар әлемнің кеңдігіне,  
Біз алданған сезім де жеңді міне.  
Қош тасып қыс та кетті біле алмай дал,  
Кім білсін, кім төзеді ендігіңе?!

Ойланам жалғыз бақты аралай құр,  
Сен мендік жүрегімді жаралай тұр.  
Келгенмен қысты қуып көктем маған,  
Әзірге оң қабақпен қарамай тұр.

Сен іздерсің, мен дағы іздеп арман,  
Біз қуанған шақтар да күзде қалған.  
Басқаға сыйлай алмай неге жүрмін?  
Кезінде жұрт қызғанған біздегі арман.

*Әйтеуір орындалды-ау  
армандарым...*

Көрдім сені қалқатай биік белден,  
Қорықпаушы едім ғой биіктерден.  
Неге ғана шыға алмай талпынамын,  
Сен үшін бар айбынды жиып бергем.

Қарсы қарап тұрдың да жылап бердің,  
Жылап бердің, алаудай лап бердің.  
Маған қарап шыдамай шын сезімге,  
Құшағыма өзің-ақ құлап келдің.

Жанарыңнан байқадым мұңлық барын,  
Біле алмай жүрген сәттің шындықтарын.  
Ескі жара қайтадан жаншылады,  
Жеткіздім бір өзіңе жыр ғып бәрін.

Өзіңе сыйлап жүрдім бақтың гүлін,  
Қолыңа әсем жүзік тақтым бүгін.  
Әтең, әтең ұзаққа созылмады...  
Түсіме алып кірді жаттың гүлін.

*Үміт құшағында*

Сейіліп сергелденген сағымдардан,  
Сені іздеп сол бақшаға тағы барғам.  
Үзіліп ұлпа қарға тамды жасым,  
Сен жоқсың дәл өзімдей сағына алған.

Мен қалдым ақ сезімнің арбауында,  
Күлкі боп жырларыммен тар қауымға.  
Сен келіп демеп жібер, қалқатайым,  
Сәл қалды қанат бітіп самғауыма.

Құлаған биік шыңнан киіктейін,  
Айтамын өкпе назды жиып кейін.  
Бағынбай байбаламға салдың-ау бір,  
Өзге емес бір өзіңмен биіктейін.

Келер деп бір хабарын елеңдеймін,  
Сен жаққан сол сезімге сенем мейлің.  
Құлазыған қу тірлік қуса дағы,  
Бір құлап, қайта түріп көнем деймін.



*Жае боп талған талшылар...*

Түнгі қала, жаңбыр асты.  
Жалғыздықпен жарасқан,  
Мен су болдым, суымадым,  
Қыс пен көктем бір жаңбырға таласқан.

Алматының ауа райы,  
Құбылады қырсық шалған сәт сайын.  
Енді сенсіз, мүлдем басқа,  
Мен бір өмір бастайын.

Ол өмірде қайғы мұң жоқ,  
Мәңгі көктем күз кейпіне енеді.  
Мен бейбаққа мұң сыйлаған мұнсыздар,  
Өзі емес өзгелерге сенеді.

*Ұлы сезім*

Күлімдеп қарсы алсын қанша күн,  
Сен нұр деп ойлама тамса мұң.  
Қол жетпес белеске ұмтылып,  
Мен әбден зарығып, шаршадым.

Мендік жыр әлемін ап қалған,  
Шалғаймын сол бір кез шақтардан.  
Телефон бетінен жойсам да,  
Келбетің санамда сақталған.

Күн сайын мазалай тыңшымай,  
Баз кешкен бұл күнім құрсын-ай.  
Күнге де, айға да теңесем,  
Сен дағы төгілген жырсын-ай.

Бұл жәйім өзіме кейде сын,  
Айтпайын бұл күйдің о, несін?!  
Өңімде көре алмай жүргенде,  
Түсімде көремін бейнесін.

*Келер деп ойлағам  
көктеммен*

Қар еріп қара жерге сымбат кіріп,  
Ұлдар жүр қыз қылығын ымдап біліп.  
Көз тоймас мынау әсем сұлулықты,  
Кұдайым жаратқан-ау сымбатты қып.

Бәрі сұлу, сұлуланып кеткенбе, ей?!  
Көктем мұнда катты асығып жеткендей,  
Сірә, асыққан біреу болар маған да.  
Келмеймісің күткен маған кектенбей.

*Көз бен көңіл үшін*

Көзімнен кетсең де, көңілде сақталдың,  
Сауықлас дерт пе едің?  
Мендегі жүректі өзіңмен ап қалдың,  
Өзекті өртеген өрт пе едің?

Сен жоқсың, мен мұнда жалғызбын,  
Бакыты боламайын қалай мен?  
Жандарын ұққанмен бар қыздың,  
Шалындым, жығылдым талай мен!


Жан-жағым толғанмен пендеге,  
Бәрі де жасандық жамылған.  
Жазылмас жарамды емдеме.  
Сен үшін жоқ болып табылғам.

Алдасын, арбасын бір мені,  
Мен енді ешкімді алдаман.  
Бақытты өз өмір сүр енді,  
Сен жоқта бұл жерде бар ма мән?!

Бетің дайындаған Қарлығаш МЕРТЕНБАЕВА

## ВО ИМЯ СЛОВА

В свет вышли две книги публициста, доктора исторических наук, профессора факультета журналистики КазНУ, президента Академии журналистики Казахстана, лауреата премии Президента Казахстана С.Козыбаева «Аксуекство равных» и «Во имя слова».



Сагымбай Козыбаев является автором более сорока изданий, в том числе энциклопедического характера, многотомной авторской серии «Отечественная журналистика». В книге «Аксуекство равных» собраны эссе из циклов «Лики времени», «Взгляд», «Там, за горизонтом», «Имя в истории», «Этюды на полях», опубликованные в разные годы в республиканской прессе. По мнению автора, посвящая этот труд дочери, он подразумевает одновременно в ее лице и свою родословную – родителей, детей, внуков, близких, а также коллег, которым считал бы за честь подарить эту книгу.

Во втором труде «Во имя слова» представлен библиографический указатель научного и публицистического творчества Сагымбая Кабашевича, своеобразный отчет в канун знаменательной даты его жизни. В этом году профессор отметит 70-летие со дня рождения и 40-летие непрерывной работы в университете на преподавательской стезе.

Поздравляем автора с новым «детищем» и желаем ему дальнейших творческих успехов!

Пресс-служба КазНУ и редакция газеты «Қазақ университеті»

## УНИВЕРСИТЕТКЕ АЛҒЫСЫМЫЗ МОЛ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің лингвистикалық құзырет орталығы біліктілікті арттыру институты ұйымдастыруымен физика-техникалық факультетінде ағылшын тілінен біліктілікті жоғарылату курстары өз жұмыстарын бастады. Аталмыш факультеттің оқытушыларына ағылшын тілін үйрету жауапкершілігін жаратылыстану факультеттеріне арналған шет тілдер кафедрасының оқытушылары Гумарова Шолпан Билашевна мен Страутман Лидия Евгеньевна алып отыр.

Оқытушылар университет тарапынан белсенділік алып отырған бұл іске асқан жауапкершілікпен қарауда. Intermediate деңгейін меңгеруге бел буып отырған оқытушыларымызға да, олардың ұстаздарына да үлкен қолдау көрсетілуде.

Сонымен қатар, оқытушылар қауымы университеттің «Парасат» кәсіподағы басқаруымен жалпыуниверситеттік дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аға оқытушысы Таганова Наталья Петровнаң жетекшілігімен университет қызметкерлеріне арналған «Денсаулық» тобына белсене қатысып, ризашылық білдіруде. Бұл топта омыртқаға, белге, басқа да бұлшық еттерге арналған пайдалы жаттығулар жасалынады. Оқытушылар «Денсаулық» тобына қалмастан барып жүр. Соңғы кезде зал оқытушыларға лық толы. Біліктіліктерін арттырып, саламатты дене мәдениетін қалыптастыруға бет бұрған оқытушылардың университетке алғыстары мол.

Айжан АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

## ПРЕЗЕНТАЦИЯ КНИГИ

На факультете журналистики прошла презентация книги «История великой степи. Антология казахской литературы» («The Stories of the Great Steppe. The Anthology of Modern Kazakh Literature» (отрывки из произведений Г.Мусрепова, А.Кекилбаева, М.Макатаева, О.Сулейменова и др.), которую представляли: директор Государственной детской библиотеки им.С.Бегалина – С.К.Раева, создатели книги – профессор Колумбийского университета Р.Абазов и представители Института литературы и искусства им.Ауэзова: зав.отделом аналитики и внешних литературных связей, к.ф.н., доцент С.В.Ананьева, главный научный сотрудник А.Хамраев и научная сотрудница А.Калиаскарова.

Это первое совместное издание, осуществленное сотрудниками Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова МОН РК и Колумбийского университета (США). Книга казахских литераторов на английском языке издана в США при поддержке Министра иностранных дел РК Ерлана Идрисова. Перевод на английский язык осуществили Сергей Левшин и Илья Бернштейн.

На встрече со студентами факультета журналистики профессор Рафис Абазов рассказал об идее рождения этой уникальной книги, о презентации ее в Национальном пресс-клубе США в Вашингтоне. Директор С.К.Раева поделилась впечатлениями о незабываемых произведениях казахских литераторов, а также провела мастер-класс, приводя примеры отрывков из произведений, вошедших в «Историю великой степи. Антологии казахской литературы». Зав.отделом Института литературы и искусства им.Ауэзова С.В.Ананьева рассказала о сложностях в работе отбора и выбора казахских



произведений поэзии и прозы.

В конце встречи заинтересованные студенты задавали вопросы, на которые ответили гости факультета журналистики. Данное мероприятие дало толчок в углубленном познании казахской культуры, литературы, в изучении произведений казахских писателей и поэтов, о которых узнают и зарубежные читатели во всем мире.

С.Х. БАРЛЫБАЕВ  
К.Н. МЫСАЕВА,  
факультет журналистики КазНУ

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистер Одағының және Қазақстан Журналистика академиясының қолдауымен университеттің 80-жылдығына арналған жоғары оқу орнының қызметін жариялауда журналистер және отандық әрі шетелдік БАҚ ұжымдары арасында ең үздік материалға байқау жариялайды.

Іс-шара БАҚ назарын қазақстандық білім беру және ғылым мәселелеріне көңіл аударуға, оқу-ағарту, ғылыми және инновациялық тұрғыдан еліміздің жетекші оқу орны қызметін насихаттауда журналистерді қолдау болып табылады.

Байқауға қатысуға университеттің тарихи және мәдени мұрасы, дәстүрі мен жетістіктері, жоғары оқу орнының заманауи қызметі, оның даму келешегі туралы мерзімді, он-лайн басылымдарда немесе теле-радиоэфирде материал шығарған шетелдік, республикалық, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары және журналистер шақырылады.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау салтанаты мамыр айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойын тойлау барысында өтеді.

Байқауға осы жылдың 10 ақпан мен 20 мамыр аралығында жарияланған, эфирге шыққан материалдар қабылданады.

**Жұмыстарды келесі мекенжайға жіберу керек:**

050040 Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, «БАҚ байқауы» деген белгімен,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі, каб. №1104, e-mail: Akmaral.Kuanysheva@kaznu.kz.

Байланыс тел.: 8 (727) 377-31-48.

Байқаудың ережесі туралы толығырақ

<http://www.kaznu.kz>

сайттан көре аласыз.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: [kazuniver-gazeti@mail.ru](mailto:kazuniver-gazeti@mail.ru)  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 142

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты